

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 567 қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 20 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық мемлекетаралық кеңес

Шешім

2002 жылғы 20 қыркүйек N 69 Астана қаласы

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісім туралы

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Мемлекетаралық кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы келісім (қоса беріліп отыр) қабылданын.

2. Тараптардың үкіметтерінен Келісімнің 1-тармағында көрсетілген мәселелердің күшіне енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді жүргізу және нәтижелері туралы ЕурАзЭҚ Интеграциялық комитетінің Хатшылығын хабардар ету сұралсын.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мүшелері:

Б е л а р у с ь	Қ а з а қ с т а н	Қ ы р ғ ы з
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан
	Р е с е й	Т ә ж і к с т а н
Федерациясынан	Республикасынан	

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы туралы Келісім

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің Үкіметтері, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы ш а р т т ы н е г і з г е а л а о т ы р ы п , кеден баждарының ставкаларын, сыртқы экономикалық қызметті реттейтін нормативтік және құқықтық кесімдерді біріздендіруге, кедендік рәсімдерді, алымдарды және статистикалық деректердің салыстырылуын оңайлатуға ұмтыла отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын жүзеге асыру, статистикалық есеп жүргізуді жетілдіру және статистикалық ақпаратпен алмасу үшін Уағдаласушы Тараптар Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Сыртқы экономикалық қызметінің жалпы тауар номенклатурасы (бұдан әрі - Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың СЭҚ ТН) ретінде осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және халықаралық жіктеушілерге - Дүниежүзілік кеден ұйымының тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына негізделген Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің он мәнді бірыңғай Тауар номенклатурасын (КО СЭҚ ТН) қабылдайды.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.07 № 1166 Қаулысымен.

2-бап

Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеден одағында белгіленген тәртіпке сәйкес Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың СЭҚ ТН жүргізуді жүзеге асырады

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.07 № 1166 Қаулысымен.

3-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап қажет болған жағдайда, өзінің ұлттық заңнамасын осы Келісімге сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдайды.

4-бап

Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

5-бап

Әрбір Уағдаласушы Тарап Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті болып табылатын депозитарийге тиісті жазбаша хабарлама жолдай отырып, өзінің осы Келісімге қатысуын тоқтата алады. Осындай Уағдаласушы Тарап үшін Келісімнің қолданысы депозитарий аталған хабарламаны алған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

6-бап

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады, қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оған қол қойған Уағдаласушы Тараптардың барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарлама депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

Мұндай рәсімдерді кешірек орындаған Уағдаласушы Тараптар үшін, ол тиісті хабарламаларды депозитарийге тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

2002 жылғы 20 қыркүйекте Астана қаласында орыс тіліндегі бір данада жасалды. Түпнұсқалық дана оның куәландырылған көшірмесін әрбір Уағдаласушы Тарапқа жолдайтын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық комитетінің Хатшылығында сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
	<i>Р е с е й</i>	<i>Т ә ж і к с т а н</i>
	<i>Федерациясының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	